Облигациялар бойынша қосымша сыйақы жоқ.

Облигацияларды өзге де мүлдік құқықтармен өтеу кезінде сыйақы және номиналды құн төленген жағдайда, осы құқықтардың, олардың сақталуын қамтамасыз ету тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың өту тәртібі келтіріледі.

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнын төлеу өзге мүлдік құқықтармен жүргізілмейді.

5) сыйақыны төлеу кезеңділігін және (немесе) сыйақыны төлеу күнін және сыйақыны алу тәсілін көрсете отырып, облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары

облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары: Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналымының бүкіл мерзімі ішінде Облигациялар айналымы басталған күннен бастап әр 3 (үш) ай сайын жылына 4 (төрт) рет жүргізіледі.

Сыйақы оны алуға құқығы бар және Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ орналасқан жердегі уақыт бойынша) төленеді. Облигациялар бойынша сыйақы төлеуді Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде ақша аудару жолымен теңгемен жүзеге асырады.

Сыйақы номиналды құнның және купондық сыйақы мөлшерлемесінің 4-ке (төртке) бөлінген көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Сыйақының соңғы төлемі Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

Сыйақы төлеуді Эмитент 360/30 (жылына үш жүз алпыс күн/айына отыз күн) уақыт базасы есебінен жүргізеді. Үтірден кейінгі белгілердің саны және дөңгелектеу әдісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі барлық төлемдерді Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банктік шот болған кезде теңгемен жүргізілетін болады. Облигациялар бойынша сыйақы төлеуді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек АҚШ доллары немесе Еуро) айырбастауға Эмитент сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушының шотының деректемелерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының бейрезиденті - Облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі (валюталық шот). Көрсетілген

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



айырбастау тиісті төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (тек АҚШ доллары немесе Еуро) айырбастау Қазақстан Республикасының бейрезиденті - облигацияларды ұстаушы есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті - облигацияларды ұстаушының пайдасына Облигациялар бойынша сыйақы төлеуді жүзеге асыру кезінде теңгені Еуро мен АҚШ долларынан басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының резиденті - Облигацияларды ұстаушының пайдасына Облигациялар бойынша сыйақы төлеуді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.

сыйақыны төлеу кезеңділігін: Тоқсан сайын

6) облигациялар айналысының басталу күні және мерзімі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда айналыс мерзімі көрсетілмейді)

Облигациялар айналымының басталу күні «Қазақстан қор биржасы» АҚ қағидаларына сәйкес өткізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы сауда-саттықты өткізу күні болып табылады. Алғашқы өткізілген сауда-саттықтың қорытындылары бойынша айқындалған Облигациялар айналымының басталу күні туралы ақпарат «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсында жарияланатын болады (www.kase.kz).

облигациялар мерзімі

Жылдар: 7

Айлар: 0

Күндер: 0

7) облигацияларды өтеу күні және тәсілі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда толтырылмайды)

облигацияларды өтеу күні

Облигациялар айналымының аяқталу күні - Облигациялар айналымының басталу күнінен бастап 7 (жеті) жыл өткен соң.

Облигациялардың айналым мерзімі - Облигациялардың айналымы басталған күннен бастап 7 (жеті) жыл.

Облигациялардың айналымы ұйымдастырылған, сондай-ақ ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жоспарланады.

облигацияларды өтеу тәсілі

Облигациялар облигациялардың айналым мерзімінің соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, Облигациялардың номиналды құны бойынша өтеледі.

Облигациялар айналымы мерзімінің соңғы күнінен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Эмитент соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, Облигацияларды өтеуге арналған ақшаны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде



Облигацияларды өтеуге арналған соманы есептеу үшін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-да ашылған шотқа әрбір Облигация ұстаушыға төленуге тиісті сома туралы ақпаратты қамтитын Облигация ұстаушылардың тізімін қоса бере отырып теңгемен аударарды. Эмитенттен ақша алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде, бірақ осы талаптармен белгіленген Облигацияларды өтеу мерзімі аяқталатын күннен кешіктірмей «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ Эмитенттен алынған ақшаны көрсетілген төлемді алуға құқығы бар және Облигациялар айналымы мерзімінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша Облигацияларды ұстаушылар тізілімінің жүйесінде тіркелген («Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ орналасқан жеріндегі уақыт бойынша, Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын) Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына аударуды жүзеге асырады.

Барлық төлемдер - сыйақы төлеу және Облигациялардың негізгі борышының сомасын өтеуді Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, негізгі борыш сомасын өтеу және соңғы купондық сыйақыны төлеу Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банктік шот болған кезде теңгемен жүзеге асырылатын болады.

Негізгі борыштың сомасын өтеуді және Облигациялар бойынша соңғы купондық сыйақыны төлеуді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек АҚШ доллары немесе Еуро) айырбастауға Эмитент айналым мерзімінің соңғы күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей, Облигация ұстаушыдан - Қазақстан Республикасының бейрезидентінен Облигацияларды ұстаушы шотының деректемелерін көрсете отырып, тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі (валюталық шот). Көрсетілген айырбастау тиісті төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (тек АҚШ доллары немесе Еуро) айырбастау Қазақстан Республикасының бейрезиденті - облигацияларды ұстаушы есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының бейрезиденті - Облигацияларды ұстаушының пайдасына Облигациялар бойынша негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу кезінде теңгені Еуро мен АҚШ долларынан басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының резиденті - Облигацияларды ұстаушының пайдасына Облигациялар бойынша сыйақы төлеуді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.

4. Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу тәртібі мен шарттары

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі көзделген жағдайда, облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құны (құнын айқындау тәртібі), эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуі мүмкін не облигациялардың иелері облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы талапты, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің шарттары мен қорытындылары туралы ақпаратты ашу тәртібін, сондай-ақ облигацияларды шығару туралы шешімде көзделген, эмитенттің қалауы бойынша немесе облигациялар иелерінің талап етуі бойынша мерзімінен бұрын өтеу жүзеге асырылатынына қарай облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің өзге де талаптары көрсетіледі.

Егер эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін көздемесе, бұл мән-жай көрсетіледі.

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі қарастырылмаған

5. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



- 1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері
- 2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі
- 3) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетуге, инвестициялық басқаруға байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі
- 4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)
- 5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

6. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

- 1) оригиналатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері
- 2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригиналатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері
- 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі
- 4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі
- 5) талап ету құқықтары біртектілігінің өлшемшарттары
- 6) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)
- 7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

7. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

- 1) осы мүліктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы

Қолданылмайды. Осы шығарылымның облигациялары қамтылған болып табылмайды.

- 2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы

0%

- 3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Қолданылмайды. Осы шығарылымның облигациялары қамтылған болып табылмайды.

8. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар кепілдікпен қамтамасыз етілсе)

Жатпайды

9. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат Эмитенттің мұнай өңдеу және мұнай химиясы саласындағы жобаларын іске асыруға, сондай-ақ Эмитенттің ағымдағы қызметін қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

Қолданылмайды. Берілген шығарылымның облигациялары «жасыл», әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары немесе орнықты дамумен байланысты облигациялар болып табылмайды.

3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

Қолданылмайды. Осы шығарылымның облигациялары «жасыл» емес.

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

Қолданылмайды. Осы шығарылымның облигациялары әлеуметтік облигациялар болып табылмайды.

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

Қолданылмайды. Осы шығарылымның облигациялары орнықты даму облигациялары болып табылмайды.

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері

Қолданылмайды. Осы шығарылымның облигациялары «жасыл», әлеуметтік немесе орнықты

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



даму облигациялары болып табылмайды.

егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

Қолданылмайды. Осы шығарылымның облигациялары «жасыл», әлеуметтік немесе орнықты даму облигациялары болып табылмайды.

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

Қолданылмайды. Осы шығарылымның облигациялары орнықты дамумен байланысты облигациялар болып табылмайды.

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

Қолданылмайды. Осы шығарылымның облигациялары орнықты дамумен байланысты облигациялар болып табылмайды.

эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары

Қолданылмайды. Осы шығарылымның облигациялары орнықты дамумен байланысты облигациялар болып табылмайды.

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

Қолданылмайды. Осы шығарылымның облигациялары орнықты дамумен байланысты облигациялар болып табылмайды.

Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Қолданылмайды. Осы шығарылымның облигациялары инвестициялық облигациялар болып табылмайды.

10. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар

- 1) осы жеке меморандумда көзделген тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды алу құқығы;
- 2) Осы жеке меморандумда көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде Облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Облигацияларды еркін иеліктен шығару және өзге де жолмен билік ету құқығы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Эмитенттің ішкі қағидаларында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- 6) Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңда және (немесе) осы жеке меморандумда көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде Эмитенттің облигацияларды сатып алуды талап ету құқықтары;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

Облигацияларды шығару шарттарында мынадай жағдайларда сатып алу құқығы көзделген:

- Жеке Меморандумда көзделген шектеулер (ковенант) бұзылған жағдайда және (немесе) бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер басталған кезде облигацияларды сатып алу. Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Эмитент келесі қосымша келісімдерді (шектеулерді) сақтауы керек:

- Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартта және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу;

- Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартта және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу.

Осы жеке Меморандумда көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда және (немесе) бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың бірі туындаған кезде Эмитент бұзушылық басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұзушылықтың және (немесе) оқиғаның туындау себебін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, осы бұзушылық және (немесе) оқиға туралы ақпаратты Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурстарында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Облигацияларды ұстаушылардан Облигацияларды сатып алу туралы өтініштер алынған жағдайда, Эмитенттің Жалғыз Қатысушысы сатып алу туралы өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Облигацияларды мынадай бағалардың ең үлкені бойынша толық сатып алу туралы шешім қабылдайды:

- жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;

- қор биржасының сауда жүйесіне айналымға жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған Облигациялардың нарықтық бағасы (мұндай баға болған кезде).

Жалғыз қатысушы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент бұл туралы Облигацияларды ұстаушыларға Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) интернет-ресурстарында Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен тиісті хабарлама орналастыру арқылы хабарлайды.

Эмитент орналастырған Облигацияларды сатып алуды Эмитенттің Жалғыз Қатысушысы Облигацияларды сатып алу туралы тиісті шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады. Сатып алу Облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштер негізінде ғана жүргізіледі.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алу туралы Облигацияларды ұстаушылардан жазбаша өтініштер алуы Эмитенттің осы жеке меморандумның осы тармағында көрсетілген тәртіпке, шарттарға және мерзімге сәйкес тиісті Облигацияларды ұстаушыларға тиесілі осы Облигацияларды сатып алу (сатып алу) міндеттемесінің туындауының себебі болып табылады.

Сатып алынған Облигациялар өтелген деп саналмайды және оларды Эмитент қайта сата алады.

- Облигация ұстаушылардан Эмитенттің бастамасы бойынша Облигацияларды сатып алу («call option» колл-опционы). Облигациялар айналымының бүкіл мерзімі ішінде, Облигациялар айналымы басталған күннен кейінгі күннен бастап, Эмитент Облигацияларды ұстаушыларға



электрондық пошта арқылы және тиісті жазбаша хабарлама берген жағдайда және Облигацияларды Эмитенттің тиісті Облигацияларды ұстаушылардан сатып алу күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) интернет-ресурстарында тиісті хабарлама орналастыру арқылы Эмитенттің бастамасы бойынша толық немесе ішінара сатып алуы мүмкін. Бұл ретте сатып алу Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша хабарлама берілген күні айналымдағы Облигациялар бойынша жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, номиналды құны бойынша жүзеге асырылады.

Облигация ұстаушылардың Облигацияларды толық немесе ішінара сатып алу туралы Эмитенттен хабарлама алуы Облигация ұстаушылардың осы жеке меморандумның осы тармағында көрсетілген тәртіпке, шарттарға және мерзімге сәйкес Эмитентке тиесілі Облигацияларды сату міндеттемесінің туындау себебі болып табылады.

Сатып алынған Облигациялар өтелген деп саналмайды және оларды Эмитент қайта сата алады.

Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылғаннан кейін орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) Облигациялардың саны туралы ақпаратты эмитенті «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі қағидаларына сәйкес ашады.

Облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда мемлекеттік емес облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды өтеу мерзімінсіз, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Облигациялардың өтеу мерзімі бар.

11. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент қолданатын шаралар

Басталған кезде Эмитенттің Облигациялар бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы») Эмитенттің осы жеке меморандумда белгіленген мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауы болып табылады.

Жауапкершіліктен босату. Егер мұндай төлемеу және (немесе) толық төлемеу Эмитенттің Облигацияларды ұстаушылардың банктік шотының дұрыс емес не толық емес деректемелерін алуының нәтижесі болса, Эмитенттің сыйақы және (немесе) номиналды құнын төлеуді жүзеге асыруын мүмкін етпейтін болса немесе «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның Облигацияларды ұстаушылар тізілімінің Эмитентіне заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімінде ұсынбауы Эмитенттің осы жеке меморандумда белгіленген мерзімдерде Облигациялар бойынша сыйақыны және (немесе) номиналды құнын төлемеуі не толық төлемеуі Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды. Егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, Эмитент осы жеке меморандум бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуын болжау немесе алдын алу мүмкін болмайтын мән-жайлар түсініледі (стихиялық құбылыстарды, әскери іс-қимылдарды, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілерін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей). Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы жеке меморандум бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақыт кезеңіне пропорционалды түрде кейінге қалдырылады.

Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент мұндай Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жоюға және Облигация ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз етуге бар күшін салады.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Эмитент қабылдайтын, Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және Облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған шаралар кез келген басқарушылық, қайта ұйымдастыру, инвестициялық, техникалық, қаржы экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де рәсімдерді, сондай-ақ Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі рәсімдерді, оның ішінде Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қамтиды.

Эмитент Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпаратты осы жеке меморандумның осы тармағында көрсетілген тәсілдерді қолдана отырып, мерзімдерде, тәртіппен Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау қажет болған жағдайда, ол Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруды бастайды. Бұл ретте Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы Дефолт оқиғасы басталған күннен кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірілмей өткізілуге тиіс.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және (қажет болған жағдайда) осы Шарттарға ықтимал өзгерістер жобасын бекіту туралы мәселелер енгізілуге тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмеген және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкінсіздігі туралы шешім қабылданған жағдайда, сондай-ақ, егер Эмитент борышкердің кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыра алмауы кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімдерде кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыра алмаса, Облигациялар бойынша негізгі борыштың және (немесе) купондық сыйақының сомасын төлеу, эмитенттің және

Облигацияларды ұстаушылардың немесе Облигациялар бойынша талап құқықтарының одан әрі әрекеттері Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілетін болса, Эмитенттің жалғыз қатысушысы Облигация оны ұстаушыға беретін құқықтарды ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды. Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі.

Эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Эмитенттің Жалғыз Қатысушысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде Облигация оны ұстаушыға беретін құқықтарды ескере отырып қабылдайды.

Эмитенттің кінәсынан Облигациялар бойынша сыйақы және (немесе) Облигациялардың номиналды құны төленбеген, сондай-ақ толық төленбеген жағдайда, Эмитент облигацияларды ұстаушыларға ақшалай міндеттеме орындалған күнге немесе оның тиісті бөлігіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін, мерзімі өткен әрбір күн үшін негізгі міндеттеменің сомасын және өсімпұлды төлеуге міндетті.

Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі, міндеттемелерді орындамау себебі, Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс-әрекеттерін аудару, Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке талап қоюмен жүгіну тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын дефолт фактілері туралы ақпаратты Эмитенттің назарына жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.




Эмитент Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) интернет-ресурстарында хабарлама орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың дефолт фактісі туралы хабардар етеді. Эмитенттің ақпараттық хабарламасында мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- i. дефолт фактісі туралы ақпарат;
- ii. орындалмаған міндеттемелердің көлемі;
- iii. облигациялардың халықаралық сәйкестендіру нөмірін (ISIN), облигациялардың түрін, орналастырылған облигациялардың санын, купондық мөлшерлеменің мөлшерін, дефолт күнін, сыйақы бойынша берешек сомасын, негізгі борыш бойынша берешек сомасын, реттелмеген борыш қалдығын көрсете отырып, міндеттемелерді орындамау себебі;
- iv. Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал әрекеттерін аударуы және Облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі;
- v. Эмитент Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Эмитент қабылдаған шаралар;
- vi. Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашу тапсырмасы көзделмеген.

Уәкілетті тұлға:



Электрондық цифрлық қолтаңба:

**МИРЗАБЕКОВ НУРКЕН
БАЯМАНОВИЧ**
(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

